

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы  
Басқарма отырысының  
№ 5 ХАТТАМАСЫ**

**«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ орналасқан жері:** Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй.

**Отырыстың өткізілген жері:** Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29А үй, 2-ші қабат, мәжіліс залы.

**Отырыстың өткізілген күні мен уақыты:** 20 сәуір 2022 жыл, сағат 14:30.

**Қатысқандар:**

1. Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна, Басқарма Төрағасы-ректор
2. Абдрашева Дана Мейрамовна, Басқарма мүшесі-академиялық жұмыстар жөніндегі проректор;
3. Уразбаев Нурлан Жеткергенович, Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор;
4. Базартай Жандос Нұртайұлы, Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор;

**Шақырылғандар:**

1. Ильясова Самал Мырзамуратовна – құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің бастығы;
2. Рабатова Нуржамал Кулахметовна – бас есепші;
3. Смагамбетова Анаркуль Калабаевна – ішкі аудит қызметінің басшысы;
4. Жусупова Ләйля Ажибаевна – оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы;
5. Мұхамбетжан Айсұлу Мұхамбетжанқызы – білім беру бағдарламаларын басқару бөлімінің басшысы;

**КҮН ТӘРТІБІ**

**1.** Бейінді емес бағыт бойынша лицензиялар мен лицензия қосымшаларын қайтарып алу жұмыстары туралы.

*(Баяндамашы: А.М.Мұхамбетжан - Білім беру бағдарламаларын басқару бөлімінің басшысы).*

**2.** «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ ПОҚ орындайтын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін есептеудің уақыт нормасын алдын ала бекіту туралы.

*(Баяндамашы: А.М.Мұхамбетжан - Білім беру бағдарламаларын басқару бөлімінің басшысы).*

3. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ түлектерін жұмысқа орналастыру туралы.

*(Баяндамашы: Л.А.Жусупова - Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің басшысы).*

4. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің» КЕАҚ №1 жатақханасын қайта жаңарту туралы алдын ала қарау.

*(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).*

5. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру туралы.

*(Баяндамашылар: Д.М.Абдрашева - Академиялық мәселелер бойынша - Басқарма мүшесі - проректор).*

6. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ 2021 жылғы таза табысын бөлу жөніндегі Директорлар кеңесінің ұсыныстарын алдын ала қарау туралы.

*(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).*

7. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның негізгі құралдарын есептен шығару Ережесіне алдын ала өзгеріс енгізу туралы.

*(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).*

8. 2021 жылға арналған КРІ индикаторларына қол жеткізу (іске асыру) туралы Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің есебі және Басқарма Төрағасы-Ректордың және Басқарма мүшелерінің 2022 жылға арналған КРІ индикаторларын бекіту туралы.

*(Баяндамашылар: Басқарма мүшелері).*

9. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ-ның «Қызметкерлерге еңбекақы және басқада төлемдер төлеу туралы» Ережесіне қосымша өзгерістер енгізу туралы.

*(Баяндамашы: Н.Ж.Уразбаев - Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор).*